

Өскемен қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 21 сәуірдегі № 4 "Өскемен қаласы әкімдігінің қаулыларының күші жойылды деп тану туралы" қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 27 маусымдағы N 924 қаулысы

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабының 9-тармағына сәйкес, Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Өскемен қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 21 сәуірдегі № 4 "Өскемен қаласы әкімдігінің қаулыларының күші жойылды деп тану туралы" қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"1. Өскемен қаласы әкімдігінің қаулылары осы қаулыға қосымшаға сай күші жойылды деп танылсын.";

көрсетілген қаулы осы қаулыға қосымшаға сай қосымшамен толықтырылсын.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің заңгерлік бөлімі апта мерзімінде әділет органына осы қаулының көшірмесін қоса ұсынумен енгізілген өзгеріс пен толықтыру туралы хабарласын.

3. "Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жалпы бөлімі, "Өскемен қаласының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі апта мерзімінде ресми жариялау көздеріне қаулының көшірмесін қоса ұсынумен енгізілген өзгеріс пен толықтыру туралы хабарласын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімі аппаратының басшысы Е.А. Шурмановқа жүктелсін.

Өскемен қаласының әкімі

Е. Аймұқашев

Өскемен қаласы әкімдігінің

2016 жылғы "27" маусым

№ 924 қаулысына

қосымша

Өскемен қаласы әкімдігінің күші жойылды деп танылған қаулыларының тізбесі

1. 2015 жылғы 09 қарашадағы № 13613 "2016 жылға Өскемен қаласының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4247 тіркелген, 2015 жылғы 23 желтоқсанда

"Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2015 жылғы 26 желтоқсанда "Дидар", 2015 жылғы 25 желтоқсанда "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған).

2. 2015 жылғы 08 желтоқсандағы № 14018 "2016 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4269 тіркелген, 2016 жылғы 13 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 08 қаңтарда "Дидар", 2016 жылғы 09 қаңтарда "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған).

3. 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 14471 "Өскемен қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 09 қарашадағы № 13613 "2016 жылға Өскемен қаласының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4398 тіркелген, 2016 жылғы 01 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 04 наурызда "Дидар", 2016 жылғы 03 наурызда "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған).

*Өскемен қаласының
әкімі аппаратының басшысы*

Е. Шурманов